

Мектеп басшыларына


Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі жоспарына сәйкес педагогтердің шығармашылық және кәсіби өсуін ынталандыру, мектеп басшыларымен мұғалімдердің инновациялық тәжірбиесін зерделеу және тарату мақсатында «Педагогикалық идеялар фестивалі» өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған орай, әр білім беру ұйымынан фестиваль бағыты бойынша және пән бойынша 1 жұмыс (қағаз нұсқада) 2024 жылы 22 қарашадан кешіктірмей сұраныс пен материалдарды жауапты әдіскерлеріне жеткізуді сұрайды.

№	Қатысушының аты-жөні	Жұмыс орны	Лауазымы	Өтілі, санаты	Пәні, оқыту тілі	Материал тақырыбы, бағыты

Қосымша ереже /3 бет/ тіркеледі.

Басшы



М.Сванов

Орындаған: Г.Суюндукова

87027010640

**«Педагогикалық идеялар фестивалі»  
аудандық конкурсының  
Ережесі**

**Жалпы ережелер**

1. «Педагогикалық идеялар фестивалі» (бұдан әрі - Фестиваль) аудандық конкурсын өткізу тәртібін анықтайды.
2. Фестивальді жылына бір рет аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинеті өткізеді.
3. Фестивальге директорлар, директордың орынбасарлары, білім беру ұйымдарының барлық түрлері мен типтерінің педагогтері, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері мен әдіскерлері, музыка қызметкерлері, қосымша білім беру педагогтері, сынып жетекшілері, психологтар, логопедтер, дарынды балалармен жұмыс жасайтын өңірлік орталықтардың әдіскерлері катысады.
4. Әр қатысушы жеке катысады, топтық жоба қарастырылмаған.
5. Фестиваль қоғамға өзінің зияткерлік еңбегінің нәтижесін көрсеткісі келетін және кәсіби қауымдастықтың ішінде үздік педагогикалық тәжірибесімен бөліскісі келетін белсенді және шығармашыл педагогтерге бағытталған.
6. Фестивальдің бағыты – коммуникативтік және басқа да құзыреттілік түрлерін дамыту, ұтқыр білім беру ортасында тиімді жұмыс істеу үшін басшылар мен педагогтердің шығармашылық мүмкіндіктерін ашу, оқыту әдістемесі мен технологияларын жетілдіру, тәжірибе алмасу, мұғалім мамандығының мәртебесін арттыру, заманауи мектептің кадрлық әлеуетін қолдау.

**Фестивальдің мақсаты мен міндеттері**

7. Фестивальдің мақсаты - педагогтердің шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруын және кәсіби өсуін ынталандыру, мектеп басшылары мен мұғалімдерінің инновациялық тәжірибесін зерделеу және тарату.
8. Фестивальдің міндеттері:
  - педагогтердің кәсіби шеберлігін көтеру;
  - білім беру кеңістігін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру;
  - озық педагогикалық тәжірибелерді анықтау және тарату;
  - заманауи инновациялық білім беру технологияларын енгізу және тарату;
  - педагог мамандығының оң имиджін қалыптастыру;

- орта білім беру жүйесін жаңғыртудың және тәжірибе алмасудың өзекті мәселелерін талқылау үшін пікірталас алаңдарын құру;

- жанашыл мұғалімнің құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу.

### Фестивальді өткізудің шарттарымен тәртібі

9. Фестиваль келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

1) **«Білім беру жүйесіндегі менеджмент»** (директорлар, білім беру ұйымдары директорларының орынбасарлары, дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орталықтардың әдіскерлері);

2) **«Шеберлік палитрасы»** (пән мұғалімдері);

ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндер (химия, биология, география, экология);

физика-математика бағытындағы пәндер (математика, физика, информатика);

қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы пәндер (қазақ, орыс, ағылшын тілдері, әдебиет, тарих, құқық);

қолданбалы цикл (көркем еңбек, дене шынықтыру, технология, АӘД, музыка, қолданбалы өнер).

3) **«Шығармашыл толқын»** (бастауыш сынып және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері);

4) **«Сабақ аяқталған соң...»** (сынып жетекшілері, тәрбиешілер, қосымша білім беру орталықтарының педагогтері);

5) **«Психолог сандықшасы»** (психологтар, логопедтер, әлеуметтік педагогтер, дефектологтар).

10. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯНЫ ресімдеуге ұсынылатын талаптар:

жобаның көлемі шексіз; А4 форматында, MS Word мәтіндік редакторында Times New Roman шрифтімен жазылуы керек (әр жолдың аралығы бірыңғай, шрифттің көлемі-14, шет сызығы-25 мм);

титул парағында автордың толық аты-жөнін, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯНЫҢ атауы, бағыты, қызметі, білім беру ұйымының мекенжайы мен телефоны, автордың мекенжайы мен телефонын, e-mail көрсетілуі қажет. Фестивальге ұсынылған ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР рецензияланбайды және қайтарылмайды.

11. Ұйымдастыру комитетіне электрондық түрде мынадай құжаттарды ұсыну:

фестивальге қатысу туралы өтінім;

казак және орыс тілдерінде ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯНЫҢ аннотациясы:

фестиваль материалдарының жинағына енгізу және сайтқа орналастыру үшін ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯНЫҢ тезистері.

12. Фестивальге авторлық құқық объектілері болып табылатын жұмыстардың фрагменттері қолданылған материалдар құқық иеленушілердің келісімінсіз қабылданбайды.

13. Фестивальге соңғы 3 жылдағы қатысушылар жіберілмейді.

#### **Ұйымдастыру комитеті**

14. Фестивальдің алғашқы кезеңін аудандар мен Тараз қаласының білім бөлімдерінде әдіскер-ұйымдастырушылар (жоба үйлестірушілері) өткізеді. Олар төмендегі функцияларды жүзеге асырады:

- Фестивальдің аудандық ақпараттық алаңдарында әдістемелік қолдау және ақпараттық қамтамасыз ету;
- аудандық қазылар алқасының құрамын бекітеді;
- өткізу тәртібін, мерзімін анықтайды (фестивальдің бірінші кезеңінің басталуы мен аяқталуының белгіленген шектеулерін ескере отырып);
- Фестивальдің өтінімдері мен материалдарын жинауды қамтамасыз етеді;
- Фестивальдің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етеді;
- Фестивальдің алғашқы (өңірлік) кезеңінің жеңімпаздарын және дипломдарды беру орны мен тәртібін бекітеді;
- Фестивальдің алғашқы кезеңінің жеңімпаздарының материалдарын Ұйымдастыру комитетіне уақытында ұсынады.

#### **Қазылар алқасының функциялары**

15. Қазылар алқасы келесі функцияларды жүзеге асырады:

- ұсынылған конкурстық материалдар және конкурстың облыстық кезеңінде қорғау негізінде өлшемдерге сәйкес Фестивальдің облыстық кезеңінің конкурстық сынақтарының орындалуын баллмен бағалайды;
- Фестивальдің облыстық кезеңінің жеңімпаздарын анықтайды.

16. Қазылар алқасының шешімі хаттамалармен ресімделеді. Хаттамаларды жүргізу қазылар алқасының хатшыларына жүктеледі.

#### **Фестиваль жеңімпаздарын марапаттау**

17. Фестиваль жеңімпаздары аудандық білім бөлімінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.